

**Қапшағай қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2015 жылғы 23 қазандағы № 54-224 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 26 қарашада № 3586 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 60-247 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 05.02.2016 № 60-247 шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабының 1-1-тармағына, 444-бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Қапшағай қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қапшағай қаласы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. "Қапшағай қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Оспанов Айдын Қылышбекұлына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және қалалық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың "Ауылшаруашылықты және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын өркендету, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың*

*сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*С. Нұржанов*

*Қ.Ахметтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК